

## Қалалық бюджеттің қаражаттары есебінен мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру Қағидасын бекіту туралы

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімиятының 2003 жылғы 25 наурыздағы N 39 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 29 сәуірде N 1153 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің Ережелеріне" сәйкес қалалық бюджеттің орындалуын

қамтамасыз

ету

мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған қалалық бюджеттің қаржылары есебінен мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру Қағидасы бекітілсін.

2. Қалалық бюджеттік бағдарлама әкімшілері, мемлекеттік мекемелер осы қаулының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары З.Т. Мұсылманбековага жүктелсін.

4. Осы қаулы 2003 жылдың 1 қантарынан бастап қүшіне енеді.

Қаражал қаласының әкімі

E. Қорғамбаев

"Қалалық  
есебінен

бюджеттің  
мемлекеттік

қаражаттары  
мекемелердің

қаржыландыру

Қағидасын

бекіту

туралы"

Қаражал

қаласы

әкімиятының

2003

жылғы

25

наурыздағы

N

39

қаулысымен бекітілген

Қалалық бюджеттің қаражаттары есебінен мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру  
**ҚАҒИДАСЫ**

### 1. Жалпы ереже

1. Осы Қағида қалалық бюджеттің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және қалалық бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің шығыстарына шоттарды төлеумен және қаржыландыру тәртібін қарастырады.

2. Мемлекеттік мекемелердің қаржыландырылуы тиісті қаржы жылына қалалық бюджетте қарастырылған қаражаттар есебінен жүргізіледі.

## **2. Қалалық бюджеттің қаражаттары есебінен мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру тәртібі**

3. Қала әкімінің қаржы бөлімі ай сайын, әр айдың 10 күніне дейін бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне қалалық бюджетке құтілетін ақшалардың түсуін ескеріп, қалалық бюджеттің міндеттемелері және атқарушы органдардың шешімдері бойынша паспорттар мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес келісім береді.

4. Қалалық бюджеттен қаражаттар бөлудің келесі басымдық бағыттары анықталсын :

- 1) Жұмыс берушілердің еңбек ақысы және жарналары;
- 2) Тамақ және дәрі-дәрмектер;
- 3) Атаулы әлеуметтік көмек.

Басқа шығындар (тауарларды сатып алу, жұмыс және қызмет), және басқа да ағымдағы шығындар бірінші кезекте қаражаттар бөлгеннен кейін жүргізілсін.

5. Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша мемлекеттік мекеме қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес рұқсат берілген шекте бір жылға, тоқсанға немесе басқа мерзімге тауарларды сатып алуға (жұмыс және қызмет) келісім жасайды.

6. Егер бір айрықшалықты орындау үшін болса, келісім - шарттар бірнеше жеткізушилдермен жасалады, бұл келісім - шарттардың жалпы сомасы осы айрықшалық бойынша келісім жасауға рұқсат етілген шекте бюджеттік тағайындаулардың сомасы на

аспауы көрек.

7. Тауарларды сатып алуға (жұмыс және қызмет) барлық азаматтық-құқықтық мәміле қалалық бюджеттің орындалуын ескеру мақсатында қаржы бөлімімен келісіледі және аумақтық қазынашылық органдарда тіркеуге жатады.

8. Сатып алатын тауарлардың (жұмыс және қызмет) бағаларына мониторинг жүргізу және бюджет қаражаттарын тиімді пайдалану мақсатында мемлекеттік мекемелермен бағалық ұсыныстарды сұрау салу тәсілімен, бір көзден алу тәсілімен жасасатын мемлекеттік сатып алудың келісім-шарттары экономика және кәсіпкерлікті қолдау комитетімен келісуге тиіsti.

## **3. Мемлекеттік мекемелердің шоттарын төлеуге қабылдаап алу**

9. Бюджет қаражаттарын тиімді пайдалану мақсатында төлемдерді жүргізуге бюджет ақшаларын бөлу бойынша шешім қабылдау үшін қалалық қаржы бөлімі қалалық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қаржылық рәсімдерін өткізу мониторингісін

жүзеге асырады.

10. Бюджет шығындарының басымдық бағытының ішінарасындағы осы қаулыны іске асыру, бюджет қаражаттарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік мекеме қалалық қаржы бөліміне келісу үшін төлемге шоттарды (тапсырыс) тапсырады.

11. Алушылармен тапсырылған төлемге бюджет қаражаттарының шоттары негізінде қалалық қаржы бөлімі қолда бар ақшаның бақылау шотына сәйкес бос

қалдықтар шегінде төлемге рұқсат етілген шығындар айрықшалықтарының күнделікті тізімдемесін қалыптастырады және төлемдерді жүргізу үшін оны қалалық қазынашылық **бөліміне тапсырады.**

12. Қалалық қазынашылық бөлімі қалалық қаржы бөлімімен тапсырылған шығындар айрықшалықтарының күнделікті тізімдемесі негізінде төлемдер пакеттерін қалыптастырады және төлемдердің жүргізілуін жүзеге асырады.

13. Қалалық қазынашылық бөлімі төлемдерді жүргізгеннен және шоттардың бірыңғай стандарттық жоспарына сәйкес қалалық қолда бар ақшаның бақылау шотына көрініс тапқан жүргізілген операциялар туралы төлем жүйесі ақпаратын растанғаннан кейін қала әкімінің қаржы бөліміне қала бюджетін орындау бойынша бухгалтерлік есепті жүргізу үшін "Төлем тапсырмаларын орындау" ф.5-02 және "Шоттардағы қалдықтар жөніндегі есеп" ф.5-34 тапсырады.

#### **4. Қалалық бюджеттің қаражаттарын шығыстауға жауапкершілік**

14. Мемлекеттік сатып алу келісім-шарттарын рәсімдеу, сондай-ақ осы негізде мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің нәтижелері бойынша жеткізуіші анықталған келісім-шарттар үшін жауапкершілік мемлекеттік мекеменің басшысына жүктеледі.

15. Қалалық бюджеттің тиімді, мақсатты пайдалануы және қаражаттарды игеру үшін жауапкершілік мемлекеттік мекемелердің басшылары - бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жүктеледі.